

БӨЛІМ: SHAKARIM UNIVERSITY / UNIVER / СТУДЕНТ

Қазіргі жағдайда бастауыш сынып оқушысының шығармашылық дағдысын және зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға арналған әдіс-тәсілдер

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.11.2025

ТІРЕК СӨЗДЕР

creativity, method, primary school, pupil, research activity, technique, әдіс, бастауыш сынып, зерттеушілік іс-әрекет, исследовательская деятельность, метод, начальная школа, оқушы, прием, тәсіл, творчество, ученик, шығармашылық

СІЛТЕМЕ

<https://bilimger.kz/183670/>**Ахметкалиева Бакытгуль Нихыметоллаевна**

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, магистрант

Ахметкалиева Б.Н.

«НАО «Университет имени Шакарима города Семей»», магистрант

Akhmetkaliyeva B.N.

«Shakarim University of Semey» NJSC, Master's student

МЕТОДЫ И ПРИЁМЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.

METHODS AND TECHNIQUES FOR DEVELOPING CREATIVE SKILLS AND RESEARCH ACTIVITIES OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS IN MODERN CONDITIONS.

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада қазіргі қоғам жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық дағдысы мен зерттеушілік іс-әрекетін дамыту мәселесі қарастырылады.

Шығармашылық пен зерттеушілік қабілеттер тұлғаның ерте жастан қалыптасатын маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Жұмыс барысында педагогикалық теориялар, әдістер мен тәсілдерге талдау жасалып, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенілді. Зерттеу нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытудың тиімді жолдары көрсетілді.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются вопросы развития творческих навыков и исследовательской деятельности младших школьников в условиях современного общества. Творчество и исследовательские способности являются важными качествами личности, формирующимися с раннего возраста. В работе представлены педагогические теории, методы и приемы, проведен анализ трудов отечественных и зарубежных ученых. В результате исследования выявлены эффективные пути развития творческих и исследовательских умений младших школьников.

ABSTRACT

This article examines the development of creative skills and research activities of primary school students in modern society. Creativity and research abilities are essential qualities of personality that begin to form at an early age. The paper presents pedagogical theories, methods, and techniques, analyzing the works of both domestic and foreign scholars. The research identifies effective strategies for fostering creativity and research abilities in primary school students.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, оқушы, шығармашылық, зерттеушілік іс-әрекет, әдіс, тәсіл

Ключевые слова: начальная школа, ученик, творчество, исследовательская деятельность, метод, прием

Key words: primary school, pupil, creativity, research activity, method, technique

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – шығармашыл, зерттеуші тұлға қалыптастыру. Бастауыш мектеп кезеңі – баланың танымдық қызығушылығы, қиялы мен ойлау қабілеті белсенді дамиды кезең. Осы жаста оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік іс-әрекетке тартылуы олардың тұлғалық қалыптасуы мен болашақтағы кәсіби дамуына тікелей ықпал етеді.

XXI ғасырдағы қоғамның даму ерекшеліктері білім беру жүйесіне жаңа міндеттер қойып отыр. Бүгінгі оқушы – ертеңгі болашақ маман, жаңашыл ой иесі. Сондықтан бастауыш буында берілетін білім мен дағдылар тұлғаның шығармашылық қабілетін ашып, оны зерттеушілікке ынталандыруы тиіс. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, балаға еркін ойлау

мүмкіндігі берілсе, ол өздігінен жаңа шешімдер қабылдауға қабілетті болады.

ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕР

Зерттеу барысында педагогика мен психологиядағы мынадай әдістер қолданылды:

1. Анализ және синтез – шығармашылық пен зерттеушілік ұғымдарына берілген анықтамаларды талдау;
2. Жүйелік-құрылымдық әдіс – бастауыш сынып оқушысының шығармашылық дамуының кезеңдерін анықтау;
3. Салыстырмалы талдау – шетелдік және қазақстандық ғалымдардың теорияларын салыстыру;
4. Тәжірибелік талдау – бастауыш сыныптағы сабақ үлгілері мен әдіс-тәсілдерге сипаттама беру.

Зерттеу жұмысы барысында білім берудегі инновациялық технологиялар мен әдіснамалық тұғырлар да ескерілді. Оның ішінде конструктивизм, құзыреттілікке негізделген тәсіл, тұлғалық-бағдарлы оқыту сияқты бағыттар маңызды рөл атқарды.

1. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫ ТҮСІНІГІ

Шығармашылық – бұл жаңа идеялар тудыру, мәселені дәстүрлі емес жолмен шешу қабілеті. Психолог Ж.Пиаже, Л.С.Выготский еңбектерінде шығармашылық бала қиялы мен ойын әрекетіне байланысты дамитыны айтылған. Қазақстандық ғалым Жарықбаев Қ.Б. шығармашылықты тұлғаның интеллектуалдық белсенділігінің нәтижесі деп сипаттайды.

Шығармашылық қабілет балада табиғи түрде қалыптасады, алайда оны дұрыс бағыттап, жүйелі түрде дамыту – мұғалімнің негізгі міндеті. Егер оқушының қиялы мен ойлау әрекеті шектелмей, керісінше, қолдау тапса, ол болашақта өзіндік ойы бар, жаңашыл тұлға болып өседі.

Ғалымдар шығармашылықты үш деңгейде қарастырады:

- Репродуктивті (бар білімді қайта қолдану);
- Жартылай шығармашылық (бар үлгілерді түрлендіру);
- Нағыз шығармашылық (жаңа, бұрын болмаған шешім табу).

2. ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТ МАЗМҰНЫ

Зерттеушілік іс-әрекет – оқушының қоршаған орта туралы білімін кеңейтуге бағытталған мақсатты танымдық әрекеті. Бұл әрекет барысында оқушы сұрақ қояды, болжам жасайды, тәжірибе жүргізеді, қорытынды шығарады. Зерттеушілікке баулу оқушыны дербес ойлауға, логикалық қорытынды жасауға үйретеді.

Психолог Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың еңбектерінде бастауыш мектеп жасындағы балалардың зерттеушілік дағдылары арнайы ұйымдастырылған оқу әрекеті арқылы тиімді дамидыны көрсетілген. Зерттеушілік іс-әрекеттің негізгі кезеңдері мыналар:

1. Мәселені анықтау;
2. Сұрақ қою;
3. Болжам жасау;
4. Тәжірибе немесе зерттеу жүргізу;
5. Қорытынды шығару;
6. Нәтижені жариялау.

Осы кезеңдерді бастауыш сынып оқушыларына қолжетімді тапсырмалар арқылы беру – олардың танымдық қызығушылығын арттырады.

3. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕН ЗЕРТТЕУШІЛІКТІ ДАМУ АӘДІСТЕРІ

Шығармашылық пен зерттеушілік қабілетті даму үшін мұғалімдер келесі әдістерді жиі қолданады:

- «Ойын әдісі» Шығармашылық ойындар, рөлдік ойындар қиял мен ойлау белсенділігін дамытады.
- «Жобалық әдіс» Оқушылар шағын зерттеу жобаларын жасайды, мысалы табиғат құбылыстарын бақылау.
- «Мәселелік оқыту» Мұғалім проблемалық сұрақтар қойып, оқушыны өз бетінше шешім іздеуге бағыттайды.
- «Дамыта оқыту технологиялары» Эльконин – Давыдов, Занков жүйелері оқушыны шығармашылық ойлауға жетелейді.
- «АКТ қолдану» Цифрлық құралдар арқылы интерактивті тапсырмалар орындау, мультимедиялық жоба әзірлеу.
- «Рефлексия әдісі» Оқушы өз әрекетін бағалап, жетістігі мен қиындықтарын саралайды.

Бұл әдістерді сабақта жүйелі түрде қолдану оқушының жеке тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

4. ПРАКТИКАЛЫҚ МЫСАЛДАР

Бастауыш сыныпта шығармашылық пен зерттеушілікті даму үшін келесі практикалық жұмыстарды ұйымдастыруға болады:

- «Менің қиялымдағы қала» сурет салу және әңгімелеу тапсырмасы – шығармашылық ойлауды дамытады.
- «Ғалым болғым келеді» шағын жоба – зерттеушілікке баулиды.
- «Тәжірибе жасап көрейік» – судың үш күйін бақылау тәжірибесі арқылы ғылыми

ойлауға үйретеді.

— «Ертегіні жалғастыр» әдісі – оқушылардың қиялын дамытып, тіл байлығын арттырады.

— «Табиғат құпиясы» зерттеу жобасы – экологиялық тәрбие берумен қатар зерттеушілік қабілетті жетілдіреді.

Осы тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушыларды ғылыми ізденіске баулиды.

Мен өз тәжірибемде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында бірнеше тиімді әдістер мен тәсілдерді қолданамын. Сабақтарымда оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға, өз бетінше ой қорытып, жаңалық ашуға мүмкіндік беретін жағдай жасауға баса назар аударамын.

1. **Жобалық әдіс.**

Мысалы, «Туған жер табиғаты» тақырыбында шағын зерттеу жобаларын ұйымдастырдым. Оқушылар өз ауласындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылап, суреттер мен қысқаша мәлімет жинақтады. Бұл жұмыс олардың зерттеу дағдысын дамытып, табиғатқа деген қызығушылығын арттырды.

2. **Мәселелік оқыту.**

Сабақта проблемалық сұрақтар қою арқылы балаларды өз бетінше ойлануға баулимын. Мысалы, «Неліктен қар ериді?» немесе «Судың неге үш түрлі күйі бар?» сияқты сұрақтар арқылы оқушылар өз болжамдарын айтып, тәжірибелер жүргізді.

3. **Шығармашылық тапсырмалар.**

«Ертегіні жалғастыр», «Мен болсам басқаша істер едім» сияқты тапсырмалар оқушылардың қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Оқушылар өз ойларын әңгіме, сурет немесе шағын сахналық көрініс түрінде жеткізді.

4. **АКТ қолдану.**

Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы оқушылар интерактивті жобалар жасайды. Мысалы, «Менің отбасым» тақырыбында PowerPoint-та шағын таныстырылым әзірлеп, сынып алдында қорғады. Бұл олардың цифрлық сауаттылығын арттырып, өзін еркін көрсетуіне жағдай жасады.

5. **Рефлексия және өзін—өзі бағалау.**

Әр сабақ соңында «Не үйрендім?», «Маған не ұнады?», «Қандай сұрақ туды?» деген шағын сұрақтар арқылы оқушылар өз әрекетін талдайды. Бұл тәсіл олардың жауапкершілігін арттырып, өз дамуын бағалауға үйретеді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың:

- танымдық белсенділігі артты;
- өз ойын еркін жеткізу, дәлелдеу қабілеті дамыды;

- шағын зерттеу жобаларына қызығушылығы күшейді.

Осы бағыттағы жүйелі жұмыс шығармашылық ойлауы дамыған, ізденімпаз оқушы тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық дағдысы мен зерттеушілік іс-әрекеті – тұлғаның жан-жақты дамуының негізгі көрсеткіші. Әр бала табиғатынан зерттеуші, ізденімпаз. Мұғалімнің міндеті – осы қасиеттерді дер кезінде байқап, дұрыс әдіс-тәсілдер арқылы дамыту. Ойын, жобалық әдіс, проблемалық оқыту сияқты тәсілдер оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашады. Қазіргі жағдайда шығармашылықты қолдау – қоғамға қажетті жаңашыл, ойшыл, білімді ұрпақ тәрбиелеудің басты шарты.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, шығармашылықты дамыту жүйелі жоспарланған жұмыс пен тиімді әдіс-тәсілдерді қолданғанда ғана нәтижелі болады. Сондықтан әрбір мұғалім өзінің педагогикалық тәжірибесінде шығармашылыққа жетелейтін әдістерді көбірек пайдаланып, оқушыларды зерттеушілікке баулуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жарықбаев Қ.Б., Санғылбаев О.С. Психология: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 бет.
2. Бап-Баба С. Психология негіздері. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 338 бет.
3. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. – 127 бет.
5. Gardner H. *Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences*. – New York, 2006.
6. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – М., 1994.
7. Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. Развивающее обучение в начальной школе. – М., 1996.
8. Кеңесбаева С. Бастауыш мектепте оқытудың жаңа технологиялары. – Алматы, 2012.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.